

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРАЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



Asian journal "STEPPE PANORAMA"



2025. 12 (2)

ISSN 2710-3994

ISSN 2710-3994 (online)

Құрылтайшысы және баспагері: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2025 ж. 5 сәуірде тіркелген. Тіркеу нөмірі № KZ91VPY00116246. Жылына 6 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих (дүниежүзі және Қазақстан тарихы), деректану және тарихнама, археология, этнология, антропология.

Жарияланым тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты 2025

© Авторлар ұжымы, 2025

БАС РЕДАКТОР

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР ҒЖБМ ҒКШ.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры. (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Аутрам Алан (Outram Alan) — археология ғылымдарының докторы, Эксетер университеті, тарих және археология кафедрасының профессоры. (Ұлыбритания)

Аширов Адхамжон Азимбаевич — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Тарих институтының Этнология және антропология орталығының меңгерушісі. (Өзбекстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)

Әлімбай Нұрсан — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Вернер Кунтһиа (Werner Cynthia) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті. (АҚШ).

Дайнер Александр (Diener Alexander) – тарих ғылымдарының докторы, профессор. Канзас университеті, (АҚШ)

Көксебаева Гүлжауһар Какенқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. (Қазақстан)

Кригер Виктор (Kriege Viktor) — тарих ғылымдарының докторы, Нюрнбергтегі Бавариялық немістер мәдени орталығының (BKDR) ғылыми қызметкері. (Германия)

Оайон Изабель (Ohayon Isabelle) — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, CERCEC директорының орынбасары, Францияның Ұлттық ғылыми зерттеу орталығының (CNRS) қызметкері. (Франция)

Сабурова Татьяна — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Индиана университеті. (АҚШ)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, Оксфорд университетінің профессоры. (Ұлыбритания)

Муминов Ашірбек Құрбанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті. (Литва)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР

Қапаева Айжан Тоқанқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Қубеев Рустем Жаулыбайұлы — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

Копеева Сания Жуматайқызы — магистр, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының қызметкері. (Қазақстан).

ISSN 2710-3994 (online)

Учредитель и издатель: РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова»
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство
о регистрации:

№ KZ91VPY00116246 от 03.04.2025 г. Публикуется 6 раз в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки:
история (всемирная история и история Казахстана), источниковедение и историография,
археология, этнология, антропология.

Языки публикации: казахский, русский, английский.

Адрес редакции и издательства:

050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28

РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Сайт журнала: <https://edu.e-history.kz>

© Институт истории и этнологии
имени Ч.Ч. Валиханова, 2025
© Коллектив авторов, 2025

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

Кабульдинов Зиябек Ермуханович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Абиль Еркин Аманжолович — доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МНВО РК. (Казахстан)

Алимбай Нурсан — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

Аутрам Алан (Outram Alan) — доктор археологических наук, профессор департамента археологии и истории Университета Эксетера. (Великобритания)

Аширов Адхамжон Азимбаевич — доктор исторических наук, профессор, заведующий Центром этнологии и антропологии Института истории Академии наук Республики Узбекистан. (Узбекистан)

Вернер Синтия (Werner, Cynthia) — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)

Дайнер Александр (Diener Alexander) — доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет (США)

Исмагулов Оразак Исмагулович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна — доктор исторических наук, профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая. (Казахстан)

Кригер Виктор (Kriege Viktor) — доктор исторических наук, научный сотрудник Баварского культурного центра немцев (BKDR) в Нюрнберге. (Германия)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

Муминов Аширбек Курбанович — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция)

Оайон Изабель (Ohayon Isabelle) — кандидат исторических наук, профессор, заместитель директора CERCEC, сотрудник Национального центра научных исследований Франции (CNRS). (Франция)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет. (Литва)

Сабурова Татьяна — доктор исторических наук, профессор, Университет Индианы. (США)

Таймагамбетов Жакен Кожаметович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ

Капаева Айжан Токановна — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

Кубеев Рустем Джаулыбайулы — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ

Копеева Сания Жуматаевна — магистр, сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ISSN 2710-3994 (online)

Founder and publisher: RSE on REM “Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology” of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. KZ91VPY00116246 dated 03.04.2025. The journal is published 6 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history (world history and history of Kazakhstan), source studies and historiography, archeology, ethnology, anthropology.

Publication languages: Kazakh, Russian, English.

Editorial and publisher address:

28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan

RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan

Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Journal website: <https://edu.e-history.kz>

© Ch.Ch. Valikhanov Institute
of History and Ethnology, 2025
© Group of authors, 2025

EDITOR-IN-CHIEF

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, General Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

EDITORIAL BOARD

Abil Yerkin Amanzholovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK. (Kazakhstan)

Alimbay Nursan — Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Azimqulov Javohir — Doctor of Historical Sciences, Professor, Head of the Center for Ethnology and Anthropology at the Institute of History, Academy of Sciences of the Republic of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Diener Alexander — Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas. (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University. (Kazakhstan)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna — Doctor of Historical Sciences, Professor at the Abai Kazakh National Pedagogical University. (Kazakhstan)

Kriege Viktor — Doctor of Historical Sciences, Researcher at the Bavarian Cultural Center of Germans (BKDR) in Nuremberg. (Germany)

Morrison Alexander — PhD, Professor, University of Oxford. (UK)

Muminov Ashirbek Kurbanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for Islamic History, Art and Culture. IRCICA (İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi). (Turkey)

Ohayon Isabelle — Candidate of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of CERCEC, Researcher at the French National Center for Scientific Research (CNRS). (France)

Outram Alan — Doctor of Archaeological Sciences, Professor in the Department of Archaeology and History at University of Exeter. (Britain)

Rimantas Želvys — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University. (Lithuania)

Saburova Tatiana — Doctor of Historical Sciences, Professor, Indiana University. (USA)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan. (Kazakhstan)

Werner, Cynthia — Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university. (USA)

EXECUTIVE EDITOR

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna — Candidate of Historical Sciences, leading researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

ACADEMIC EDITOR

Kapaeva Aizhan Tokanovna — Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Kubeyev Rustem Dzhaulybayuly — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

TECHNICAL SECRETARY

Kopeyeva Saniya Zhumataevna — Master's, researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY

Published in the Republic of Kazakhstan
Asian Journal “Steppe Panorama”
Has been issued as a journal since 2014
ISSN 2710-3994.
Vol. 12. Is. 2, pp. 543-558, 2025
Journal homepage: <https://edu.e-history.kz>

FTAXP / MPHTI / IRSTI 03.20
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2025_12_2_543-558

THE ROLE OF KAZAKH BATYRS IN DIPLOMATIC RELATIONS (XVIII CENTURY)

Kymbat Suleimenova¹, Marzhan K. Dautbekova^{2*}, Nurgul N. Kurmanalina³

¹International Educational Corporation
(28, Ryskulbekova Str., 050043 Almaty, Republic of Kazakhstan)
Associate professor of the Department of social and humanitarian disciplines,
Candidate of Historical Sciences
 <https://orcid.org/0000-0002-0858-0148>. E-mail: mail@univision.kz

²Al-Farabi Kazakh National University
(71, Al-Farabi Aven., 050038 Almaty, Republic of Kazakhstan)
Candidate of Historical Sciences
 <https://orcid.org/0000-0002-4058-1984>. E-mail: dautbekovamk@gmail.com
*Corresponding author

³Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology
(28, Shevchenko Str., 050010 Almaty, Republic of Kazakhstan)
Scientific Secretary, PhD
 <https://orcid.org/0000-0001-7165-9935>. E-mail: nurgulca@mail.ru

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2025
© Suleimenova K., Dautbekova M.K., Kurmanalina N.N., 2025

Abstract. *Introduction.* The article scientifically formulates the role of batyrs (heroes) in traditional Kazakh society under embassy relations based on the study of diplomatic and international political relations of the Kazakh Khanate. It indicates the role and place of Kazakh batyrs in conducting official state affairs, such as negotiations at the international level, visits abroad and reception of ambassadors who arrived in the country, which are studied on the basis of historical sources. It is assumed that the Kazakh batyrs were not only political figures in military relations, but also met the criteria for joining the diplomatic corps. *Research goals and objectives.* Epistolary historical and theoretical rethinking of the culture of correspondence between representatives of the Batyr Institute in the history of diplomacy of the second half XVIII century, reflecting the activities of representatives of the Batyr Institute point the Great Steppe as a military–political, socio–cultural elite. *Results.* Although the case of conducting diplomatic relations in the Kazakh Khanate was within the competence of the immediate khans and their closest relatives, the sultans, it is scientifically formulated that biy (judge) and batyrs of the "black bone" were constantly among the ambassadors. *Conclusion.* The study of the history of diplomatic relations between the Kazakh Khanates shows the relevance and still need for a deep study of the activities of batyrs in ensuring the security of the diplomatic corps sent to neighboring states, delivering letters, receiving embassies arriving in the country, and high literacy of batyrs in the traditional Kazakh society, who speak several languages.

Keywords: Kazakh-Chinese relations, Kazakh Khanate, diplomacy, ambassador, batyr, security

Acknowledgements. The article was prepared within the framework of realization of fundamental scientific research BR20280975 «Historical traditions of Kazakh statehood and problems of preservation of national identity» with the financial support of the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan.

For citation: Suleimenova K., Dautbekova M.K., Kurmanalina N.N. The role of Kazakh batyrs in diplomatic relations (XVIII century) // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Vol. 12. No. 2. Pp. 543–558. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_2_543-558

ҚАЗАҚ БАТЫРЛАРЫНЫҢ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДАҒЫ ОРНЫ (XVIII Ғ.)

Қымбат Сүлейменова¹, Дауытбекова Маржан Қанатбекқызы^{2*}, Құрманалина Нұргүл Нұрсұлтанқызы³

¹ Халықаралық Білім беру Корпорациясы
(Рысқұлбеков көшесі 28, 0500436 Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы)
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының қауымд. профессоры,
тарих ғылымдарының кандидаты
 <https://orcid.org/0000-0002-0858-0148>. E-mail: mail@univision.kz

² Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
(Әл-Фараби көшесі 71, 0500386, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы)
Тарих факультетінің доценті,
тарих ғылымдарының кандидаты
 <https://orcid.org/0000-0002-4058-1984>. E-mail: dautbekovamk@gmail.com

* Автор-корреспондент

³ Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
(28-үй, Шевченко көш., 050010 Алматы, Қазақстан Республикасы)
Ғалым хатшы, PhD
 <https://orcid.org/0000-0001-7165-9935>. E-mail: nurgulca@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025

© Сүлейменова Қ., Дауытбекова М.К., Құрманалина Н.Н., 2025

Аңдатпа. *Kіріспе.* Мақалада дәстүрлі қазақ қоғамындағы батырлардың елшілік қатынастардағы рөлі Қазақ хандығының дипломатиялық, халықаралық саяси жағдайлардағы қатынастары негізінде ғылыми тұжырымдалады. Халықаралық деңгейде келіссөздер жүргізу, елшілік құрамында шетелдерге бару және елге келген елшілерді қабылдау сынды ресми мемлекеттік маңызды істерде қазақ батырларының орны тарихи деректер негізінде сараланып, қазақ батырларының тек әскери қатынастарда ғана емес дипломатиялық корпус құрамына ену критерийлеріне сәйкес саяси тұлғалар болғандығы қарастырылады. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.* XVIII ғасырдың II жартысындағы дипломатия тарихындағы батырлар институты өкілдерінің хат алмасу мәдениетін эпистолярлық тарихи теориялық тұрғыдан қайта интерпретациялау, Ұлы Даладағы батырлар институты өкілдерінің әскери-саяси, әлеуметтік-мәдени элита ретіндегі қызметін көрсету. *Нәтижелер.* Қазақ хандығындағы дипломатиялық байланыстарды жүргізу ісі тікелей хандар мен олардың жақын туыстары сұлтандардың күзіретінде болғанымен, елшілердің арасында үнемі «қарадан шыққан» билер мен батырлар болғандығы ғылыми тұжырымдалады. *Қорытынды.* Қазақ хандығындағы елшілік қатынастар тарихын зерттеу арқылы көршілес мемлекеттерге бағытталған дипломатиялық корпусың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жазылған хатты жеткізу, елге келген елшілікті қабылдап оның қауіпсіздігін сақтау ісіндегі батырлардың қызметін, дәстүрлі қазақ қоғамындағы батырлардың

бірнеше тіл меңгерген жоғары сауаттылығы ісін әлі де болса терең зерттелу қажеттілігінің өзектілігін айқындай түседі.

Түйін сөздер: Қазақ-Қытай қарым-қатынасы, Қазақ хандығы, дипломатия, елші, батыр, қауіпсіздік

Алғыс. Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қаржылық қолдауымен «Қазақ мемлекеттілігінің тарихи дәстүрлері және ұлттық бірегейлікті сақтау мәселелері» BR20280975 іргелі ғылым и зерттеуін іске асыру шеңберінде дайындалды.

Дәйексөз үшін: Сүлейменова Қ., Дауытбекова М.Қ., Құрманалина Н.Н. Қазақ батырларының дипломатиялық қатынастардағы орны (XVIII ғ.) // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 2. 543–558 бб. (Қазақш.).

DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_2_543-558

РОЛЬ КАЗАХСКИХ БАТЫРОВ В ДИПЛОМАТИЧЕСКИХ ОТНОШЕНИЯХ (XVIII В.)

Кымбат Сулейменова¹, Дауытбекова Маржан Канатбековна^{2}, Курманалина Нургуль Нурсултановна³*

¹Международная Образовательная Корпорация

(д. 28, ул. Рыскулбекова, 0500436 Алматы, Республика Казахстан)

Ассоциированный профессор кафедры социально-гуманитарных дисциплин,
кандидат исторических наук

 <https://orcid.org/0000-0002-0858-0148>. E-mail: mail@univision.kz

²Казахский национальный университет им. аль-Фараби

(д. 71., просп. аль-Фараби, 050060 Алматы, Республика Казахстан)

Доцент исторического факультета, кандидат исторических наук

 <https://orcid.org/0000-0002-4058-1984>. E-mail: dautbekovamk@gmail.com

* Автор-корреспондент

³ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова

(д. 28, ул. Шевченко, 050010 Алматы, Республика Казахстан)

Ученый секретарь, PhD

 <https://orcid.org/0000-0001-7165-9935>. E-mail: nurgulca@mail.ru

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2025

© Сулейменова К., Дауытбекова М.К., Курманалина Н.Н., 2025

Аннотация. *Введение.* В статье научно обоснована роль батыров (героев) в традиционном казахском обществе при посольских отношениях на основе изучения дипломатических, международных политических отношений Казахского ханства. Обозначается роль и место казахских батыров в ведении официальных государственных дел, таких как переговоры на международном уровне, визиты за рубеж и прием послов, прибывших в страну, которые исследованы на основе исторических источников. Предполагается, что казахские батыры были не только политическими личностями в военных отношениях, они еще соответствовали критериям для вхождения в состав дипломатического корпуса. *Задачи исследования.* Эпистолярная историко–теоретическая переосмысление культуры переписки представителей института батыров в истории дипломатии II пол. XVIII века, отражение деятельности представителей института батыров Великой Степи как военно–политической, социокультурной элиты. *Результаты.* Хотя дело о ведении дипломатических связей в Казахском ханстве находился в компетенции непосредственных ханов и их ближайших родственников – султанов, научно доказано, что среди послов постоянно были бии (судья) и батыры «черного костя». *Вывод.* Изучение истории дипломатических отношений Казахского ханства свидетельствует об актуальности и по–прежнему необходимости глубокого изучения

деятельности батыров в деле обеспечения безопасности дипломатического корпуса, доставки письма, приема посольства, прибывшего в страну, и высокой грамотности батыров в традиционном казахском обществе, владевших несколькими языками.

Ключевые слова: Казахско-китайские взаимоотношения, Казахское ханства, дипломатия, посол, батыр, безопасность

Благодарность. Статья подготовлена в рамках реализации фундаментального научного исследования BR 20280975 «Исторические традиции казахской государственности и проблемы сохранения национальной идентичности» при финансовой поддержке Комитета науки Министерства науки и высшего образования РК.

Для цитирования: Сулейменова К., Дауытбекова М.К., Курманалина Н.Н. Роль казахских батыров в дипломатических отношениях (XVIII в.) // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 2. С. 543–558. (На Каз.).

DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_2_543-558

Кіріспе

Батырлар институты қазақ қоғамындағы мемлекеттік басқару ісі, мәдени және әскери дамуға елеулі үлес қосқан әлеуметтік институттың бірі болып табылады. Батырлар билік институттарының белгілі өкілдері ретінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету, әскери іс, мәдениеттің дамуында өзіндік орын алды. XVIII ғасырдағы Қазақ хандығының дипломатиялық қатынастары тарихындағы халықаралық қатынастарда тек хандар мен олардың жақын туыстары – сұлтандар ғана емес, қазақ елшілері қатарында қарадан шыққан батырлардың да маңызды рөл атқарғандығын, батырлардың ашық диалогтар жүргізу, келіссөздер жүргізу қабілеті мен мемлекеттік деңгейде жауапкершілікке ие шешімдер қабылдау ісіндегі қызметін концептуалды түрде зерттеу және методологиялық принциптерін айқындау бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып табылады.

Материалдар мен әдіс-тәсілдері

Мақалада қазақ батырларының мемлекеттік саяси элита құрамындағы қызметін анықтау үшін проблемалық-тақырыптық әдіс кеңінен қолданылды. Аталған әдіс арқылы Қазақ хандығының саяси элитасын құраған топтар, олардың ерекшеліктерін атап өте отырып, дипломатиялық корпус қызметіндегі батырлардың рөлі талданды. Зерттеу барысында нақты талдау әдісі тарихнамалық зерттеулер мен тарихи деректер кешенін пайдалануда олардың пайда болуы мен оларға ықпал еткен шарттарды ескере отырып теориялық және фактілік материалдарды өзара бірлікте қарастыруға мүмкіндік берді. Сондай-ақ логикалық позитивизм, хронологиялық баяндау әдістерін де пайдаландық.

XVIII–XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы қазақ қоғамындағы батырлар институтының қызметтерін талдауда осы кезеңге жататын орыс тіліндегі архив құжаттары – Ресей әкімшілігі шенеуніктерінің күнделіктері, есептері, хаттары, баяндамалары және т. б. құжаттар негізгі дерек көздерін құрайды. Атап айтқанда, «Материалы по истории Казахской ССР (1785–1828 гг.)» (Материалы по истории, 1940), «Казахско–русские отношения в XVI–XVIII веках» (Казахско–русские отношения, 1961), «Казахско–русские отношения в XVIII–XIX веках» (Казахско–русские отношения, 1964), «Материалы по истории России. Сборник указов и других документов, касающихся управления и устройства Оренбургского края» (Материалы по истории России, 1900), «Международное отношения в Центральной Азии. XVII–XVIII вв.» (Международное отношения, 1989) атты материалдар мен құжаттар жинақтары, сонымен қатар, тәуелсіздіктен кейінгі жылдары Қытай деректері негізінде жарияланған «100 құжат» (100 құжат, 1998), Қазақ хандығы мен Цин патшалығының сауда қатынастары туралы Қытай архив құжаттары және Қазақстан Республикасы үкіметінің «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарық көрген «История Казахстана в русских источниках XVI–XX веков» (История Казахстана, 2005а) (История Казахстана, 2005б) (История Казахстана, 2007а) (История Казахстана, 2007б) және Бөкей Ордасының тарихына қатысты жарияланған жинақтарда (История Букеевского ханства, 2002) батырлар

институтының ішкі саяси және әлеуметтік, елшілік қызметтеріне қатысты деректер топтастырылған.

Жалпы, Отандық тарих ғылымында Қазақ хандығы кезеңіндегі дипломатия тарихын, соның ішінде Қазақ мемлекеттілігінің біртұтастығын сақтаудағы батырлардың орнын, дипломатиялық, сыртқы саясат пен халықаралық қатынастардағы қызметін ғылыми зерттеу ісіне арналған арнайы еңбектер әлі де болса терең зерттеуді қажет етеді.

XVIII ғасырдан бастап орыс патшасының отарлау саясатына байланысты қазақ даласына аяқ басқан орыс зерттеушілері мен саяхатшыларының еңбектерінде көрініс берген. Мәселен, П.И. Рычков (Рычков, 1896), И.Г. Андреев (Андреев, 1998), Е.К. Мейендорф (Мейендорф, 1975), А.И. Левшин (Левшин, 1996), И.Ф. Бларамберг (Бларамберг, 1848), А. Костенко (Костенко, 1871) еңбектерін атап өтуге болады.

П.И. Рычковтың күнделігінде XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ батырларының өмірі мен қызметтеріне қатысты, олардың қазақ–орыс қатынастарындағы елшілік қызметтері туралы мәліметтер келтірілген. Әсіресе, П.И. Рычков Жәнібек батырдың сән-салтанаты туралы тамсана жаза отырып, осы кезеңдегі қазақ батырларының қоғамдық-саяси өмірдегі беделі мен орны туралы тұжырымдарын келтірген (Рычков, 1896: 39; 73; 88). Ал негізінен орта жүз қазақтары туралы этнографиялық еңбектің авторы И.Г. Андреевтің еңбегінде қазақ батырларының қоғамдық-саяси өмірдегі әртүрлі қызметтері туралы мәліметтер бар (Андреев, 1998: 112).

XVIII–XIX ғасырдағы дәстүрлі қазақ қоғамына тән батырлар институтының тарихын зерттеуде Ш. Ш. Уәлиханов (Уәлиханов, 1985) М. Тынышпаевтың «Ақтабан шұбырынды» атты ғылыми мақаласында XVIII ғасырда гүлдену дәуірін басынан өткерген батырлар институты туралы тұжырымдары жекелеген батырлардың өмірбаяндық фактілерін келтіруден гөрі, олардың осы кезеңдегі әлеуметтік жік ретіндегі қоғамдық-саяси өмірдегі қызметін талдау негізінде жасалған (Тынышпаев, 1998).

XVIII–XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы қазақ қоғамына тән батырлар институтының зерттелуіне елеулі үлес қосқан ғалымдар ретінде Е.Б. Бекмаханов, М. П. Вяткин, Н. Г. Аполлованың еңбектерін айрықша атап өтуге болады. Е. Бекмаханов қазақ қоғамында елеулі күш болып саналған қазақ батырларының қоғамдық-саяси өмірдегі белсенділігінің өсуі себеп-салдарларын талдай отырып, кейбір жекелеген еңбектерінде XIX ғасырдағы батырлардың әлеуметтік сипаты туралы мәселеге арнайы тоқталады (Бекмаханов, 1947: 62–64).

XVIII ғасырдағы қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы, әлеуметтік терминдер мен категориялар, соның ішінде батырлар институтының өзіндік ерекшеліктері Н.Г. Аполлованың зерттеулерінен көрініс тапқан (Аполлова, 1948) (Аполлова, 1961). XVIII ғасырдың 30–40 жылдарындағы Қазақстанның Ресейге қосылу тарихын зерттей отырып, аталған кезеңдегі қазақ хандығының саяси құрылымын арнайы тарау ретінде қарастырады. Зерттеуші хан билігі, халық жиналысы, хан сайлау дәстүрі, ақсақалдар мен билер кеңесі, сондай-ақ батырлардың саяси, әлеуметтік функцияларын талдайды. XVIII ғасырдың алғашқы жартысында қазақ қоғамында батырлардың рөлі күрт өскеніне тоқтала отырып, олардың тек әскери жорықтар кезінде ғана емес, бейбіт кезеңдерде де елшілер, ақсақалдар кеңесінің белді мүшелері ретінде маңызды рөл атқарғандарын атап өтеді (Аполлова, 1961).

XVIII ғасырда Қазақ хандығының көп векторлы дипломатиялық қатынастар орнатуына қазақ–жоңғар қатынастарының шиеленісуі ғана себеп болған жоқ, Ресей, Оңтүстіктегі көрші хандықтар тарапынан туындаған қауіп, Қытай тарапынан болып жатқан қауіп-қатер ықпал етті. Қазақ хандығының мемлекеттік біртұтастығын сақтап қалуда елшілік қатынастар, дипломатиялық қатынастар аса маңызды орын алды.

Тәуелсіздіктен кейінгі жылдары батырлардың жеке басының ерлігіне, әскери тарихқа қатысты бірқатар еңбектер жарияланды. Тақырыпқа қатысты елшілік қатынастардағы батырлардың қызметі белгілі қытайтанушы К. Хафизова еңбектерінде көшпенділердің елшілік дәстүрі Дала дипломатиясы аясында қарастырылады (Хафизова, 2021; Хафизова, 2022; Хафизова, 1995; Хафизова, 2015; Хафизова, 2013). Халықаралық қатынастар мен

сыртқы саясатты жүргізуде хан басты тұлға ретінде танылды. Қытайтанушы ғалым М.Н. Мұқаметқанұлының қазақ-қытай қатынастарына арналған еңбектерінде (Мұқаметқанұлы, 2000; Мұқаметқанұлы, 2010), Д. Әбіләшімұлының (Әбділәшімұлы, 2017а; Әбділәшімұлы, 2016; Әбділәшімұлы, 2017ә; Әбділәшімұлы, 2019), Б. Еженханұлының (Еженханұлы, 2018а; Еженханұлы, 2018ә), Ж. Ошанның (Ошан, Белгожа, 2021), М. Әбусейітованың (Әбусейітова, 1999; Әбусейітова, 2013) қазақ тарихына қатысты зерттеулерінде батырлардың елшілік құрамында болғаны туралы қысқаша мәліметтер келтіріледі. «Халықаралық қатынастар мен сыртқы саясатты жүргізуде хан басты тұлға ретінде танылды. Ханның атынан немесе тапсырмасымен сұлтандар, батырлар, билер келіссөздер жүргізіп, таяу-алыс шетелдерге сапарға шығып тұрды. Батырлар хандыққа келген қонақтарды қабылдайтын. Дипломатиялық рәсімдер жүйесі де түзілген еді», – деп жазады белгілі тарихшы ғалым Х. Әбжанов тарихи деректерге сүйеніп (Әбжанов, 2013: 32). Әрине елшілік байланыстар, халықаралық қатынастар қашанда тікелей хан басшылығымен, бақылауымен жүргізілген және елдің елдігін білдіретін бұл қызметті атқаруға уақытпен дәлелденген мемлекеттік беделді тұлғалар таңдалған. Н. Мұқаметқанұлы да өз еңбектерінде «... Қазақтардың да Чиң патшалығына баратын елшілерінің қоғамдық дәрежесі белгілі болған. Қазақ хандары атынан елші болып ханның балалары, інілері ішіндегі белгілі сұлтандар, қазақ хандарының жоғары дәрежелі ақылшы билері мен батырлары ғана баруға тиіс болған» – деп атап өтеді (Мұқаметқанұлы, 2000: 60). Келіссөздерді әртүрлі шенді білімдар кісілер басқарса, мемлекет атынан хандар, сұлтандар, қажылар, елшілер, жаушылар, және әскербасылар жүргізіп отырды. Елшілер көбінесе 6–7 адамнан тұратын топ құрып, сый артқан түйе, ат керуенімен келіп-кетіп отырған. Әрбір шебер дипломат мықты жауынгер де болуы тиіс еді, – дейді зерттеуші (Әбусейітова, 1999: 3).

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы елшілік қатынастар тарихын зерттеу батырлардың елшілік қатынастардағы орнын зерттеумен қатар, дәстүрлі қазақ қоғамындағы сауаттылық, білім беру ісі, мәдениет саласындағы тарихи тың оқиғаларды терең зерттеуге жол ашары сөзсіз. Себебі, батырлар елшілік қатынаста «дипломатиялық корпус» құрамында болғанымен олардың негізгі қызметі жазылған хатты жеткізудегі қауіпсіздік мәселелері басты қызметі болған. Оған зерттеуші Ғ. Ә. Қамбарбекованың Үндістанның жеріндегі «Нұр» микрофильмдер орталығынан Қоқан билеушісі Әбдурахим бидің Тәуке ханға жазған жауап хатының Үндістан жеріне келуі, ол хатты ирандық сарай хатшысының хаттар жинағына қалайша енгендігінің тарихының тереңіне үңілген тұста келтірген мына бір жолдардан анық байқауға болады: «... әрбір елші сол елдің патшасының ең үлкен құпия сақтаушысы болып табылған. Сондықтан, елшіні қолға түсірсе, біріншіден оның құпиясын қолға түсіреді. Ал, екіншіден, белгілі бір патшаға үлкен сый-сияпатпен баратынын ескергенде, қарақшылар бағалы сыйлықтарды тонауды көздейтін болған», – деп елшілік құрамына енген адамдардың сол елшіліктің қауіпсіздігін сақтаудағы қызметінің қаншалықты жауапты да қауіпті іс екендігін сипаттаған (Қамбарбекова, 2015: 73).

Сонымен қатар, XVIII ғасырдағы елшілік қатынастар тарихын терең зерттеу арқылы сол хатты кім жазды, қаншалықты деңгейде сауатты жазылған хат деген ой келесі бір келелі мәселенің бар екендігін анықтайды. Қытайдың Бірінші тарихи архивінде жасалған зерттеу жұмыстарының нәтижесі бойынша белгілі шығыстанушы ғалым М. Әбусейітова еңбектерінде келтірілген Қазақ хандығы елшілерінің Қытай императорына Пекинге келуіне байланысты, қазақ елшілерін грамоталармен марапаттағаны туралы жазбалар өте қызықты. Абылай хан қол қойған хаттар және басқа қағаздар да аралықтың алыстығына қарамастан және біздің заманымызда үйреншікті болып кеткен коммуникациялары жоқ болса да, Қазақ мемлекеті мен Қытайдың арасында өте тығыз қарым-қатынас болғандығына куәлік етеді. Ал қазақ хандарының тұрақтарында дипломатиялық және әлеуметтік-экономикалық сипаттағы хан жарлықтарын шығаратын кеңсе болғаны сөзсіз, – деген ой тұжырымдайды (Әбусейітова, 2013: 76–77). Жапондық зерттеуші Онума Такахиро 2014 жылғы Чиң патшалығы және Орталық Азия сахарасы: көшпелілер әлемінен империя іргесіне қарай деген монографиясында зерттеу нысанына алынып отырылған мәселеге қатысты терең зерттеулер жүргізген. XVIII ғасырдағы

қазақ–қытай қатынастарындағы елшіліктер тізімін тұңғыш рет жапондық ғалым 1963 жылы жарияланған монографиясында Сагүти Тору қытай деректерінің негізінде, белгілі іргелі еңбектерге сүйеніп 1753–1830 жж. аралығындағы қазақ елшіліктерінің кестесін жасаған (Хафизова, 2013: 38–40).

Талқылау және зерттеу нәтижелері

Дипломатиялық қатынастардағы басты мақсат – екі ел арасында халықаралық қатынастарды орнату. Ал осы миссияны жоғары деңгейде атқару дипломатиялық корпус құрамындағы мемлекеттік қайраткерлердің жауапкершілігіне жүктеледі. Бұл тұста өз елінен тысқары жерлердегі мемлекеттік тапсырмаларды орындауға барған адамдардан жеке басының білімділігі, кәсібилігі мен өз ісінің шебері болу талап етілсе, XVIII ғасырлардағы елшілік қатынастардағы батырлардың елшілік құрамында халықаралық қатынастарда хандардың сенімді әрі беделді өкілдері ретінде болуы батырлардың да елдік мәселелерді қарастыруға тұрарлықтай жоғары өрелі тұлғалар болғандығының дәлелі. Себебі, елшілікке жіберілгендердің шалғай жолға төзімді болуы, жолда кездесетін түрлі климаттық-табиғи апаттармен қатар түрлі адами қауіпсіздікті сақтауда, елшіліктің аман-есен діттеген жеріне жетуі жастайынан батырлыққа тәрбиеленген ерлер иығына түсетіні белгілі. Сонымен қатар, елшілік құрамына енген тұлғалардан талап етілетін келесі бір критерий ол бара жатқан елдің тарихы мен тілін, діні мен салт–дәстүрін, саяси жағдайын жетік меңгеруі тиіс. Бұл өз кезегінде білім мен парасатты қажет етеді.

Қазақ тарихында үш жүздің басын біріктірген, есімі алтын әріптермен жазылған Абылай хан асқан дипломат болғандығы тарихтан белгілі. Сарабал саясат жүргізе білген Абылай хан тұсында Қытай мемлекетімен салықсыз сауда қатынастары орнатылған. Осы алып мемлекетпен халықаралық деңгейдегі сауда қатынастарын бастамас бұрын екі ел арасында келіссөздер жүрген. Ол туралы «... Чиң патшалығы қазақтармен жасаған саудасы үкімет басқаруында жүргізіледі. Сондықтан Чиң үкіметінің қазақтармен болған сауданы басқаруға тандап жүріп, орынбасар генерал шені бар, ойрат тілін жақсы білетін, қазақтардың қыр–сырынан хабары бар Ну Санды тағайындайды. Осыған сәйкес Абылай ханда олармен жасалатын сауданы ұйымдасқан, топтасқан түрде жүргізуді жолға қойып, ең алғаш сауда рәсімін ашуға өзінің сенімді дарабозы қолбасы, қазақ билігіндегі беделді Қабанбай батырды жібергендігі белгілі (Мұқаметқанұлы, 2010: 42). Қабанбай батыр аталған мемлекет туралы ақпаратты жетік меңгерген, сол жердің жергілікті басшыларымен де халқымен де еркін тіл табыса алған деген қорытынды жасауға болады және мұндай елшіліктер бір емес, бірнеше мәрте болып оның құрамында есімі танымал батырлармен қатар әлі де болса терең зерттеуді қажет ететін, тарихи мемлекеттік қайраткер ретіндегі есімі айтылмай жүрген батырлар да бар.

Елшілікті барған жағы үнемі құшақ жайып қарсы алмасы да белгілі. Мұндайда асқан парасаттылық танытып, орын алған күрделі жағдайларға психологиялық тұрғыдан тұрақтылық, өзін тұлға ретінде, соның ішінде мемлекеттік жауапкершілікті иығына жүктеген қайраткер ретінде көрсете білу жүктелген. Мемлекеттік маңызды шешімдер қабылдау ісінде күтпеген, оқыс жағдайлар туындағанда қолайлы шешім қабылдау, келіссөз жүргізу ісі аса жауапкершілікті талап ететіндігін ескерсек, елшіліктің негізгі жауапты тұлғасының жанында ақылшы ретінде қосылған батырлардың да алар жауапкершілігі мол болған. Бұл елшілікке барғанда да, ордаға елшілікті қабылдағанда да назарда ұсталуы тиіс. Мәселен, 1745 жылы жазда Жоңғар ханы Қалдан Серен қазақ хандарынан Әбілмәмбет, Абылай сұлтан немесе Барақ сынды беделді тұлғалардың келуін талап еткен тұста, Абылай сұлтан Сібір бөлігінің әскер басы генерал-лейтенант Г. Х. Киндерманды қабылдап, қолы бос болмауына орай, Әбілмәмбетке маңызды мәселені талқылау мақсатында өзінің сенімді өкілі Сары батырды жіберген деген мәліметтердің болуы қазақ батырларының Абылай сынды мемлекеттік қайраткерлердің қашанда сенімді өкілдері батырлар болғандығының бір дәлелі болса керек (Моисеев, 1991: 138). Әрбір шебер дипломат шебер жауынгерде болуы тиіс болды (Әбусейітова, 1999: 3). Саяси маңызды халықаралық хаттарды қазақ хандары мен сұлтандары қолын қойып, мөрін басып осындай сенімді адамдары арқылы жеткізіп отырған

(Сарсембаев, 2011: 260). Қазақ батырлары елді жаудан қорғау, территориялық тұтастықты сақтау ісінде ішкі саяси істермен ғана емес, халықаралық істерге де жауапты болған. 1751 жылы Лама-Доржыдан қазақ еліне елші болып келген Бекей–бек өзінің келудегі негізгі мақсаты бүлікшіл нояндарды қайтару жөнінде өтініш білдіру үшін алдымен Малайсары батырға, содан кейін Қайыпқа жолыққан (Артықбаев, 2007: 10). Сырттан келген елшілерді қабылдау, оның бұйымтайын білу алдымен батырлардың еншісінде, ханға жолықтыруға тұрарлықтай салмақты мәселе болса ғана хан қабылдауына жіберген. Өз кезегінде көрші елдерге елшілік жіберу ісінде де батырдың алар орны болған. Жоспарланған елшіліктің жұмысы игі жақсылармен, соның ішінде батырлармен талқыланды. 1757 жылы Ерейменде болған Абылай мен Бөгенбайдың кездесуінде осы мәселе талқыға түскен. Қытай жағынан жиілеткен елшіліктердің қарым–қатынасына 1757 ж. Пекинге Қанжығар бастаған бірінші лауазымды елшілігі аттанды. 1757 ж. Қытайдың шекаралық әскерін басқаратын Чжао Хао мен Қожаберген танысып, келіссөздер жүргізген (Артықбаев, 2007: 28).

Қазақ тарихында батырлардың жауапкершілігімен болған елшілік қатынастарды көптеп келтіруге болады. Қазақ – Қытай арасындағы Абылай заманындағы елшілік қатынастарда көтерілген мәселелер Жоңғария хандығы біржола құлағаннан кейін байырғы ата-мекені шығыс өңірлерге ілгерілей көшіп, орналасу мәселесін көтерген болатын. «XVIII ғасырдың ортасында қазіргі Абай, Шығыс Қазақстан, Жетісу облыстары жерін біртіндеп игере бастағаны белгілі. Құрбанғали Халидтың айтуынша қазақтар 1740 жылдар шамасында Шыңғыс тауына келіп қойған (Гейноуз, Беркінбаев, 2023: 716). Елшік миссиясы барысында Цин патшалығына қойылған ең басты талап – Тарбағатай өңірін қазақтарға қайтарып беру еді. Тиісті Цин патшалық архив құжаттарының айтуы бойынша, елші болып барған қазақ батырлары Цин патшасы Цянлунға: «Тарбағатай біздің бұрынғы көшіп–қонып жүрген жеріміз еді. Біз сізден өзіңіздің ілтипатыңызды білдіріп, осы жерді бізге беруіңізді сұраймыз», - деген (Еженханұлы, 2018а: 35).

Осындай аса маңызды елшіліктің келесі бірі Абылай тұсындағы 1769 жылғы Қытайға елшілік. Бұл елшілік нәтижесінде қазақ шаруалары өздерінің ата қонысы болған Іле аймағындағы жайылымдарды қайтадан иеленіп, көшіп–қонуына қол жеткізген. Айтулы елшіліктің басшысы ретінде Абылайдың ұлы Уәли белгіленсе, елшілік құрамындағы 30-ға тарта адамнан Жарылғап батыр Уәлидің ақылшысы ретінде белгіленген екен (Хафизова, 2015: 94–99). Бұлда белгілі дәрежеде батырлардың қоғамдағы орнын көрсетеді. Абылайдың мұрагері Уәли хан өз заманында 1771–1781 жж. аралығында Ресейге – 4, Қытайға – 7 елшілік жіберсе, ханның ресми дипломатиялық корпусы құрамында есімі бүгінде кеңінен танымал, тіпті әлі де болса Отан тарихы ғылымында қоғамдық қызметін кеңінен зерттеуді қажет ететін батырлар есімі де көптеп кездеседі. Атап айтқанда, Әлиет батыр, Құсаш батыр, Аю батыр, Құрамса батыр, Көлболды (Кулбулды), Шауқал батырлар болған (Хафизова, 2015: 94–99).

Әрине, тарихи деректерден мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Тіпті орыс әкімшілігінің өзі қазақтардағы беделді адамдар деген тұста Қазыбек би мен Қабанбайды тең дәрежеде атайды (Моисеев, 1991: 159).

Бүгінгі таңға дейін қазақ батырларының жеке тұлғасы, ел қорғау ісіндегі қызметі ғылыми тұрғыдан талданып келсе, қазақ батырларының шебер дипломаттық қызметі, олардың шетелде оқып, бірнеше шет тілін меңгерген зерделі, аса жоғары білімді маман ретіндегі орны (шағатай, араб т. б. тілдерді), хандармен бірге есімдері аталып, көршілес мемлекеттердің жоғарғы билігі эшалонынан келген хаттарды қабылдап, жауап хаттарды жеткізіп отыратын қызметі архив құжаттарында ғана қалып, ғылыми айналымға енбей, назардан тыс қалып келеді. Қарастырылып отырған кезеңде қазақтардың ішінен ойрат тілін меңгергендердің болғандығы тарихи ақиқат. XVIII ғасырдағы қазақ–қытай қатынастарындағы іс жүргізу тілі манжу тілімен қоса моңғұл (көбінесе ойрат диалекті) тілінде болған. Қазақ хан, сұлтандары өз беттерімен тот–моңғол жазуында хат жазуға ынталанды (Әбділәшімұлы, 2016: 37). Қалмақ тілінің де қолданыста болғандығына тарихи деректер дәлел. Қытай архив материалдарының арасында Әбілпейіз сұлтаны қалмақ жазуындағы бір дана хатын жібергендігі туралы ақпараттар бар (Еженханұлы, 2018а: 79).

Жауғаш Қырбасұлы қазақ пен Чиң (Цин) империясы арасында қалыптасқан күрделі де қауіпті жағдайда ерекше елшілік миссияны абыроймен атқарған ерекше тұлға. Жауғаш Қырбасұлы XVIII ғасырдың 40–50 жылдары Абылай ханның сенімді серіктерінің бірі болып, халқымыздың жоңғарларға қарымта соққы беру күресінде атойлап алда жүрген батырлардың бірі. Ал оның елші болып дипломатиялық міндет атқаруы – сол заманның ерекше күрделі қоғамдық жағдайына байланысты болған еді (Мұқаметқанұлы, 2010: 115).

Қазыбек бидің 77 жасында елшілік құрамымен барып, жоңғар билеушісіне:

«Сен темір де мен көмір,
Еріткелі келгенмін,
Екі еліктің баласын
Теліткелі келгенмін.
Егесетін жау шықса,

Иілткелі келгенмін» (Төреқұлов, 1993: 100), – деп айтқан сөздерінен де көруге болады. Мұнда екі ел арасындағы соғысты тоқтатып, бейбіт қарым–қатынас орнату мақсат болды. Егер қандай да бір жағдайларға байланысты келісім жүзеге аспай қалса елші:

«Табысуға келмесең,

Тұрысатын жеріңді айт» (Төреқұлов, 1993: 100), – деп кесіп айтатын болған. Елшілер алдына қойылған мақсаттарды толық жүзеге асыруда түрлі әдістерге жүгінген. Бірде олар қарсыласын жалған ақпарат беру арқылы қорқытса, енді бірінде өздерінің айбатымен жауларынан үстем болуға тырысты (Липец, 1984: 60). Сондықтан да аса маңызды мәселелер көтерілетін елшілікке көп жағдайда тәжірибесі мол, тұлғалар жіберілетін. Қазақ хандығының көрші елдермен елшілік қарым–қатынастарының шынайылығын бейнелі түрде айқындайтын тарихи аңыздар шоғыры бар. Оларда қазақ елшілері бірде қисынсыз талап қойған Ежен ханға барса, келесі бірінде жұртқа ойран салған қалмақтарға қаймықпай барып, ел мерейі мен абыройын асқақтатады. Тағы бірде байлығы мен сән–салтанатына масаттанған Бұхара ханына барған қазақ елшілері өз халқының тұрмыс–тіршілігінің артықшылығын, басшысының асыл тегін танытып қайтады. Мәселен, ел арасындағы аңыз бойынша Тоғаныс батыр ел қамымен Қоқан еліне елші болап барады. Бек батырдың дегендеріне ешбір дау айтпай мәселені шешіп береді. Бұған аң таң болған бек нөкерлері: «Сізге не болды? Жалғыз қазақтың айтқандарына келісе бердіңіз ғой», – дейді. Сонда бек: «Мен келісе берейін деп келісті ғой дейсіңдер ме? Сарайға батырдан бұрын екі жолбарысы кіріп, екі иығыма аяқтарын салып тұрды ғой», – деп жауап қайтарады (Самашев, Жетібаев, 2005: 16). Негізінен алғанда елшілік билердің басты қызметі болғанымен, батырлардың да өзіндік үлесі болғаны белгілі. Оны тарихи құжаттардан деректер келтіре отырып ашып көрсетсек. Бір мәліметтер бойынша Қайып хан Сібір губернаторы М. Гагаринмен келіссөздер жүргізуде елші ретінде батырларды пайдаланған. Мәселен, Сапар және Итмәмет батырлар Қайып ханның атынан губернаторларға екі ел арасындағы сауда–саттыққа байланысты елші болып барса, Байбек және Төлеубай батырлар жоңғарға қарсы одақ құру жөніндегі елшілікті басқарған (История Казахстана, 2005а: 286–287). Келтірілген деректер арқылы батырлардың елшіліктің мақсатына қарай бекітілгендігі туралы қорытынды шығаруға болады. Олай дейтініміз экономикалық қатынас орнатудағы елшілік құрамындағы батырлар, саяси байланыстарға негізделген елшіліктің қатарынан тыс қалып, оған басқа батырлар енгізілген.

